

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

21.11.2023 жыл

Қатысқандар: АҚ төрайымы:

Абдраимова Қ.Т. – б.ғ.к., доцент м.а;

Комиссия мүшелері:

1. Г.У.Абишова – аға оқытушы;
2. А.Т.Кенжалиев – «Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» директоры;
3. Э.Ибрагимова – 6В05169-Биотехнология БББ-на жауапты мүше, техн.ғ.к., доцент м.а.;
4. Г.Бабаева – аға оқытушы;
5. М.Мәулен – 6В05146-Биология, 3 курс студенті.

Шақырылғандар:

1. А.Қиясбекова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар ұйымдастыру
2. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау

АҚ төрайымы Абдраимова Қ.Т. сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа енуін қамтамасыз ету, наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар.

АҚ мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.У.Абишова:

Бірінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылында ББ жаңартылуына байланысты ББ пәндерінің жалпы саны мен мазмұны өзгерді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Пәндердің өзгеруіне байланысты силлабус, дәрістер мен практикалық (лабораториялық) сабақтар жинақтары, БӨЖ, ОББӨЖ тапсырмалары, емтихан сұрақтары т.б. дайындалды. Осыған орай, ғылыми бағыттағы ББ-на қатысты мәліметтерді нақтылау үшін кафедра деңгейінде семинар ұйымдастырылып, талқыланғаны дұрыс.

АК төрайымы Абдраимова Қ.Т.: Екінші мәселе бойынша 6B5146-Биология, 6B05169-Биотехнология БББ-ның ағымдық оқу жылындағы практика бағдарламаларына қатысты сұрақты талқыға салуды ұсынды. ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің 2023 ж 17 наурыздағы № 125 бұйрығына сай жоғарыда аталған БББ-лар бойынша жұмыс берушілермен сұхбаттасу, БББ-ның негізгі оқу жоспарындағы кәсіби практикалардың мазмұнын, игерілетін оқыту нәтижелеріне сай практиканың оқыту нәтижелерін құрастырушылардың, практика жетекшілерінің жүргізіп жатқанын мәлімдеді. Осымен бірге, практиканың оқыту нәтижесінің өзгеріске ұшырауына байланысты практиканттардың практика барысында орындайтын жұмыстардың тізбесін құрастыруда жұмыс берушілердің ұсыныс-пікірлері де ескеріліп, жетекшілер тарапынан қайта қарастыруы тиіс.

Шешім:

1. ББ бойынша практика бағдарламаларының мазмұны назарға алынсын.
2. Қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т. Абдраимова

Хатшы



Г.О. Абишова